

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторанты Жусубалина Жанат Мейрбековна 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ медиамәтінінің құрылымындағы англицизмдердің қолданылуы (лексика семантикалық және когнитивтік прагматикалық аспектілері)» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗИЯ

Ұсынылып отырған диссертация қазақ тіл біліміндегі англицизмдердің рөлін жан-жақты талдайды. Докторант қазақ медиамәтінінде кездесетін англицизмдердің когнитивтік-прагматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерттеп, олардың қолданылу аясы мен тілдік ықпалын терең қарастырады. Ізденуші қазақ медиамәтініндегі англицизмдердің қызметін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан қарастырып, олардың қолданылу ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыста тілдік құбылыстардың мәдениетаралық коммуникациядағы орны мен ықпалы жан-жақты талданған. Докторант қазақ тіліндегі англицизмдерді зерттеу тарихына шолу жасап, олардың зерттелу деңгейін, әртүрлі әдістемелік тәсілдер арқылы қарастырылған аспектілерін жүйелеп көрсетеді. Қазақ тіл біліміндегі англицизмдерді зерттеу мәселесі кең ауқымды болғанымен, олардың медиамәтіндегі қолданысы бұрын-соңды толыққанды зерттелмегенін айқындайды. Сонымен қатар, зерттеудің теориялық негізін құрайтын негізгі ғылыми мектептер мен концепциялар талданып, олардың диссертацияға ықпалы сараланған.

Бірінші бөлімде англицизмдердің медиамәтіндегі қолданылу заңдылықтары мен олардың лингвистикалық, әлеуметтік және прагматикалық негіздемесі қарастырылады. Докторант шет тілдік бірліктердің медиа кеңістікте орнығуының механизмдерін сипаттап, олардың тілдік жүйеге ықпалын көрсетеді. Англицизмдердің функционалдық мүмкіндіктері мен олардың қазақ тіліне ену жолдары нақты мысалдармен дәлелденген.

Сонымен қатар зерттеу барысында жаһанданудың тілдік процестерге тигізетін әсері терең талданған. Докторант ағылшын тілінің халықаралық коммуникациядағы рөліне тоқталып, оның қазақ тіліне ықпалын нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Сонымен қатар, мәдениетаралық қарым-қатынастың қазақ тіліндегі жаңа тілдік құрылымдардың қалыптасуына тигізетін ықпалы жан-жақты зерттелген.

Англицизмдердің қазақ медиамәтініндегі лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктері екінші және үшінші тарауларда кеңінен сипатталған. Докторант олардың мәтіндегі қызметін нақты мысалдар арқылы талдап, олардың функционалдық ерекшеліктерін анықтаған. Бұл бөлімде ізденуші қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы англицизмдердің таралуы, олардың медиамәтіндерде қолданылуын талқылайды. «Медиамәтін» термині қазақ ғылыми ортасында соңғы 10 жылда үлкен қызығушылыққа ие болып жатыр. Оның мұндай қызығушылыққа тап болуы бұқаралық коммуникация саласында тілдің қызметінің ерекшеліктері мен медиасөз

мәселелерінің зерттелуіне ғалымдардың орасан зор мән беруіне негізделген. Қазақ тіліндегі мерзімдік басылымдар негізінде жасалған бұл зерттеу медиамәтіндегі кездесетін англицизмдерді талдап, сараптайды. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстандағы мерзімдік басылымдардан 3 танымал газет алынды. «Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы» және «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінің 3 басылымы сараланып, англицизмдер кездескен мақалалар жинақталды. Англицизмдерді мақалаларды семантикалық категориялау тәсіліне сүйене ажыратып, олардың қандай (ұлттық әлде халықаралық жаңалықтарға арналған) мақалаларда жиі қолданылатыны талданады.

Зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі англицизмдердің қолданысын когнитивтік-прагматикалық, лексика-семантикалық аспектілерде қарастыруымен өзекті және құнды. Докторант қазақ медиамәтініндегі англицизмдердің тілдік ерекшеліктерін кешенді түрде сипаттап, олардың прагматикалық ықпалын ашып көрсетеді. Жұмыстың теориялық маңыздылығы қазақ тіл біліміндегі жаһандану үдерістерін түсінуге мүмкіндік береді, ал тәжірибелік маңыздылығы қазақ медиамәтініндегі тілдік үдерістерді реттеуге негіз бола алады.

Диссертациялық жұмыстың материалдары бойынша 14 мақала, оның ішінде 1 мақала Scopus деректер қоры базасындағы журналдарда (Q2 – 58 процентиль), 6 мақала ҚР ҒжЖБМ Комитеті ұсынған басылымдар тізіміне кіретін баспаларда, 7 мақала Халықаралық және Республикалық конференциялардың ғылыми еңбектер жинағында жарық көрген.

Докторант Жусубалина Жанат Мейрбековнаның «Қазақ медиамәтінінің құрылымындағы англицизмдердің қолданылуы (лексика семантикалық және когнитивтік прагматикалық аспектілері)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы зерттеу ауқымының кеңдігімен, қол жеткізген нәтижесінің нақтылығымен, ұсынған тұжырымдарының ғылыми негізделуімен құнды болып есептеледі.

Диссертациялық жұмысты оң бағалап, 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекшісі,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының
ф.ғ.д., профессор



Тлеубердиев Б.М.